

*Екібастұз
жалпы орта білім беретін мектебінің
тәрбие жұмысының жүйесі*



2015-2016 оқу жылы

Тәрбие жұмысының тақырыбы:

- Жеке тұлғаның құзыреттіліктерін жүзеге асыруда денсаулық сақтау технология негізінде рухани дәрежеде биік патриотты ұрпақ тәрбиелеу

Мақсаты:


- Әлеуметтік құзыреттіліктері қалыптасқан, рухани дәрежесі биік, көпмәдениетті, парасатты, патриоттық және құқықтық санасы жетілген, бәсекелестікке қабілетті, салауатты өмір салтын ұстанатын ұрпақ тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Қоғамның экономикалық, әлеуметтік және саналы жетістіктерін сипаттайтын маңызды көрсеткіші балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған жұмыстың жетілуіне оптималды жағдай жасау;
2. Білім алушы және тәрбиеленуші адамның әлеуметтік көзқарастарын, құзыреттіліктерін қалыптастыру жұмысын жетілдіру;
3. Тәрбиеленушіге ұлттық сананы қалыптастыру және ұлттық құндылықтарды бағалауға үйрету арқылы әлеуметтік жауапкершілік пен борыш сезімін ұялату;
4. Тәрбиенушінің бойына СӨС ұстанымдарын сіңіру;

Тәрбие – ұзақ үрдіс. Кез – келген мектептегі тәрбие ісінің басты мақсаты – сол мекеменің тәрбиелік жүйесін қалыптастыру болуы тиіс. Білім беру мекемесінде өзіндік тәрбиелік жүйе құрып алмай, тұлғаны тәрбиелеуде табысты нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес. Мектеп тұлғаны білім мен тәрбие бере отырып саяси санасын өсіреді, мәдениет пен өркениет жетістігіне баулиды, құқықтық санасын өсіріп, әлеуметтендіреді. Мектебіміз әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр Әл – Фарабидің «Алдымен адамға білім емес тәрбие беріледі, тәрбиесізге берілген білім адамзаттың қас жауы» деген қағида сөзін берік ұстанады. Тәрбие – бұл өмірлік шығармашылық. Сондықтан мұнда бала бейнесі, яғни адам бейнесі маңызды. Бала бейнесі, адам бейнесі деген ұғымдар педагогикада соңғы жылдарға дейін өз мәннiнде әр қырынан айтылмай келді. Сондықтан біз көбіне оқушының шынайы бейнесін емес, өзіміз қалаған бейнені, оқушы идеалын білеміз. Біз бұрын баланы тәрбие субъектісі ретінде емес, объекті ретінде көріп келдік. Жарты ғасыр бойы үстемдік еткен технократиялық ойлау тәрбие мақсаты мәдениетпен, мектеппен, оқушының өзімен анықталатынын түсінуге жол бермеді. Тек тәуелсіздік алған соң ғана оған субъекті ретінде мән берілуде және оның өзегі болып атбылатын басты қасиеттермен сапаларды айқындауға ұмтылыстар жасалып келеді.

Тәрбие жұмысының модель жүйесі





Мазмұны

Білім мазмұны мен тәрбие мазмұнын бір – бірінен бөліп қарауға болмайтын біртұтас дүние. Мектептегі тәрбие жұмысы үш бағытта жүргізіледі:

1. Оқыту арқылы тәрбиелеу - әр пәннің мазмұнына салынған ұлттық рух, ұлттық тағылым негіздері арқылы жүзеге асады.
2. Арнайы пәндерді оқыту арқылы тәрбиелеу (валеология, әдеп, өнер , экономика негіздері)
3. Арнайы тәрбие – сыныптан тыс жұмыстар, үйірмелер, клубтар.

Мектептегі тәрбие жұмысының үлгісі

Өзекті мәселе:

Ұлттық және әлемдік тәрбие арқылы және тұлғаның шығармашылық қабілетін дамыту

Мақсаты:

Жоғары адамгершілік принциптерді қалыптастыру
Оқуға, білімге, ғылымға ұмтылған, көп мәдениетті меңгерген тұлға тәрбиелеу

Тәрбие жұмысы

Оқу үрдісінде
тәрбиелеу

Ұжымдық қарым-
Қатынаста тәрбиелеу

Сабақтан тыс кездегі
тәрбие

Тәрбие кеңесі

Жүргізілетін жұмыстар

Сынып
жетекшілерімен

Ұстаздармен

Ата – аналармен

Мұражаймен

Сынып жетекшілер
семинары

Тәрбие кеңесі
арқылы

Оқырмандар
қауымы

Кітапханашымен

Сынып
жетекшілерімен

Қыздар, ұлдар
арасындағы жұмыс

Жиын-кеңестер,
Мерекелер, мәдени-
шаралар

Тәрбие жұмысы жүйесінің компоненттері

Қазіргі мектептің
тәрбие жұмысы

Оқыту барысындағы
тәрбие

Сабақтан тыс
тәрбие жұмысы


Мектеп ұжымындағы
қарым-қатынас стилі,
кейпі, моральдық –
психологиялық ахуал

Сыныптан тыс
тәрбие жұмысы

Ата – аналармен және
жұртшылықпен жұмыс

Мектептен тыс
тәрбие жұмысы





Басқару жүйесі

Тәрбиелік жүйе

Дидактикалық жүйе

Психологиялық қызмет

Медициналық қызмет

Жұртшылық

Ата-ана

Оқушы

Сын.жет

ЖМБ

ҚГБ

Үйірме, клуб жұмыстары

Педагогикалық кеңес

Баланың рухани дамуының негізі қаланады.


Мектебіміздегі тәрбие жүйесінің мақсаты:

Ой - өрісі кең, эстетикалық талғамы зор, өзіндік «мен» тұжырымдамасы қалыптасқан, өзін-өзі дамыта алатын, өмір сүргіш, талапты да талантты, рухани адамгершілікті қарым – қатынасқа дайын, өмірлік белсенділігі қалыптасқан жан-жақты мәдениетті, шығармашыл жеке тұлға қалыптастыру

Міндеттері:

1. Ұлттық бүкіл әлемдік рухани адамгершілік құндылықтарға бетбұрыс жасау. Барша адамзат қауымын, өмірді, табиғатты сүюді, еңбектенуді үйрену;
2. Адамгершілікті – ізгілікті, ынтымақтастық қарым-қатынасты қалыптастыру;
3. Табиғат пен үйлесімділікте тұлғаны тәрбиелеу, дамыту;
4. Ұлттық сана сезімі оянған, ана тілін еркін меңгерген, рухани ойлау дәрежесі биік жан-жақты мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, жаны, дені сау, өзінің ішкі ресурстарын жаңа ағдайға бейімдеуге дайын; тапқырлық пен ізденімпаздыққа қалыптасқан және тағы басқа игі қасиеттері қалыптасқан жеке тұлғаны тәрбиелеу.

Мектептегі тәрбие жұмысының құрылымы



«Шаңырақ» оқушылар қауымдастығы

«Ақпараттық жиындар»

«Жас дарын-2014» жобасы

«Туған елге тағзым» жобасы

«Флешмоб» жобасы

Тәрбие жүйесіне еңгізілген жаңа әдіс тәсілдер

«Бір аптаға бір көшбасшы» жобасы


«Бірлігіміз жарасқан» жобасы

«Денсаулық жобасы»

«Ботақан» сайысы

1. «Экономикалық кампания»,
2. «Қолөнер бұйымдарының жәрмеңкесі»,
3. «Жұлдызды жаңбыр» жобасы

«Болашақмектебінің бір күні» жобасы



Сыныптан тыс жұмыстар

Оқушыларды танымдық-шығармашылық
әрекетке бейімдеу.


Бастауыш саты

Негізгі саты

Жоғарғы саты


"Азамат" дебат клубы,
Үйірмелер: "Домбыра үйренейік", «Ән көңілдің ажары» "Шебер қолдар",
"Жас суретшілер", "шахмат", "шашки", "Волейбол", «Тоғызқұмалақ»
«Кітап-білім бұлағы» т.б.

Ата – аналармен жүргізілетін ағарту жұмысының негізгі формалары





**“Жас Ұлан” бірыңғай
балалар мен
жасөспірімдер
ұйымының
құрылымы**







**Мектеп бітіруші жан-жақты дамыған
жеке тұлғаның моделі**

- **Өмірдегі өз қажеттілігін тани біледі, негізгі нысынасын анықтай алады;**
- **Адамгершілік, жауапкершілік және құқылық парыздарын сезінеді;**
- **Қоғамдық өмірдің үрдістері мен құбылыстары туралы білімі қалыптасады;**
- **Өз жеке басы мен айналасындағы мәсеелерді шешуде белсенділік танытады;**
- **Шығармашылықпен жұмыс жүргізіп, ғылыми жобалар жасайды;**
- **Ортамен мәдени қарым – қатынас жасай алады;**
- **Дүниетанымы кеңейіп, өзіндік ой-пікірі қалыптасады;**
- **Ұлттық тағылымдарды бойына сіңіріп, сөйлеу мәдениетін жақсы игереді;**
- **Әлеуметтік ортаға ықпал етіп, ойларын дәлелдеп, пікірталастар жүргізеді;**
- **Жеке бағдарламалар бойынша жұмыс жүргізуге ұмтылып, мамандық таңдауға бат бұрады;**
- **Денсаулығын сақтайды, салауатты өмір салтын ұстанады, нақтылы бір спорт түрімен айналысады;**
- **Қиын жағдайда өзін-өзі басқара біледі.**

Осы тәрбие жүйесінің тиімділік мониторингі

Оқушының тәрбиелік деңгейін көтеру мақсатындағы өлшемдер жүйесі жасалады

Әр оқушы бойындағы танымдық, шығармашылық қабілеттері жетіледі.

Сынып жетекшілерінің тәрбиелік іс-әрекеттерге психологиялық дайындық артады.

Сынып жетекшілер мен оқушылар тарапынан зерттеу іс-әрекеттеріне тұрақты қызығушылық пайда болады

Тәрбиелік көрсеткіштердің өлшемдері жоғарлайды

Ұлттық тағылымдарды бойына сіңірген, өз халқының мәдениеті мен тарихына құрметпен қарайтын, салт-дәстүрін жалғастыратын жан-жақты шығармашыл

Тұлға тәрбиеленеді

Мектебімізде тәрбие жұмыстары сынып жетекшілермен,, өзін-өзі басқару орталығымен, ата-аналармен, психологиялық және медициналық қызмет көрсету орталықтарымен және қалың жұртшылық қауым арқылы тәрбие жұмысының осы моделі бойынша жан-жақты жүргізілуде

Тәрбие жүйесінің тиімділігін анықтау мониторингі

Бағалау өлшемдері

Тәрбие жүйесін ұйымдастыруды бағалау

Тәрбие жүйесіне қатысушылардың өзара қарым – қатынасын бағалау

Оқушының тұлғалық өсуін бағалау

Тәрбие жүйесі арқылы тұлғаның табысты өлеуметтенуін бағалау

Тәрбие нәтижесін бағалау

Тәрбие жүйесі

Тәрбиелік деңгей



Мектеп өмірінің түрлі қырлары арқылы оқушылардың Қанағаттану деңгейі


“Біздің қарым-қатынасымыз”
Л.Н. Фридман әдісі



Оқушылардың өзін-өзі басқаруының даму деңгейі

М.Н. Рожков әдісі






Ұжымның даму деңгейін анықтау

**“Біз – ұжымбыз!”
М.Г. Казанкина әдісі**

**Ата – аналардың білім
мекемесінің өміршеңдігіне
қанағаттанарлығын бағалау**

**Оқушылардың өмірлік
біліктіліктеріне, жағымды
іс-әрекет және моралді
психологиялық қасиеттер
қалыптастыруға мәлімет алу арқылы**



Оқушылардың
тұлғалық өсуін бағалау

Оқушылардың ақыл-ойының дамуы

Мамандық таңдаудағы оқушылар деңгейі

Оқушы тұлғасының даму деңгейі

Оқушының қоғамдық белсенділігі

Оқушының шығармашылық белсенділігі

Оқушының мектеп өміріне қанағаттану деңгейі

Тәрбие жүйесіне

қатысушылардың

өзара

қарым-қатынасын

бағалау

**Ақыл-ой дағдысы мен
өзіндік тәжірбиесі**

**Азаматтық және әлеуметтік
дағдысы**

**Түрлі жағдайларда өзін-өзі
ұстау дағдысы**

**Оқу әрекеті мен ақпараттармен
жұмыс істеу дағдысы**



**Тәрбиелі - тәртіптің құлы, тәртіпті –
елдің ұлы.**

Б.Момышұлы

Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие

Мақсаты:

Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

Кешенді тәрбие бағдарламасының негізгі басымдық бағыттарының бірі азаматтық-патриоттық тәрбие

Мақсаты: Жалпы азаматтық құндылықтарға тәрбиелеу арқылы қазақстандық патриотизмді, көп мәдениетті тұлға тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Туған елінді, жерінді сүйю
- Қ.Р. рәміздерін құрметтеу
- Ел тағдыры үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу
- Отанды қорғау
- Отанның мүддесіне қызмет ету
- Мемлекеттік дамуына өз үесін қосу
- Қазақстан халықтарының құқығын қорғау
- Қазақстан халықтарының ұлттық салт-дәстүрлерін білу, сыйлау, құрметтеу
- Қазақстан халықтарының ұлттарының бірлігін келісімін сақтау
- Төлеранттықа тәрбиелеу



Азаматтық-патриоттық тәрбиені жүзеге асыру түрлері мен әдістері

Пәндік сабақтар

Үйірмелер

Ұжымдық
Шығармашылық
Істер дебат, КВН


Мектептен тыс
мекемелермен
қарым-қатынас

Атақты тұлғалармен
кездесу

Тәрбиенің кешенді бағдарламасының жүзеге асуының нәтижесіндегі мектеп-гимназия түлегінің моделі:


1. Еліміздің заңдарын, Қазақстан Республикасының рәміздерін құрметтейді.
2. Өз Отанын қорғайды.
3. Салауатты өмір салтын ұстанады.
4. Шыншыл өз сөзіне адал, өмірде өз орнын таба білетін азамат

Патриотизм дәні мектеп партасында, мұғалім алақанында, оқулық парағында көктейді



“Біздің балалармыз бен немерелеріміз бабаларының игі дәстүрін сақтай отырып, қазіргі заманғы нарықтық экономика өркендеу үстіндегі күллі әлемге әйгілі әрі сыйлы өз елінің патриоттары болады”

**Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың
“Қазақстан – 2030” халыққа жолдауы.**



Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде» атты еңбегінде «біздің тағы бір аса маңызды идеологиялық міндетіміз – Қазақстандық Отансүйгіштікке тәрбиелеу, әрбір азаматтың өзін-өзі айқын билеуін қалыптастыру. Шынайы Отансүйгіштікті, нағыз азаматтықты қалыптастыру жеке бастың өзін саяси тұрғыдан айқын сезінуін, өз Отанын саналы түрде таңдауын көздейді», - делінген.

Бүгінгі ғаламдастыру дәуірінде әл-Фараби бабамыз айтқандай, шәкірттерімізге білімнен бұрын тәрбие беру ұстаздардан терең білім мен тәрбиенің сан алуан қырын игеруді талап етеді. Ертеңгі күннің бүгінгіденде нұрлырақ болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға қарай жетелейтін күш тәрбие мен білім.

Оқушылардың бойында азаматтық – патриоттық тәрбие үнемі жүргізіліп отыратын үздіксіз процесс. Қазақстанда тұратын әрбір азамат өзінің елін, жерін құрметтеп, сүюді бала – бақшада, мектеп қабырғасынан бастап үйренуі керек. Бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің болашағын қалап жатқан – мектеп, ұстаз. Өйткені, ел болашағының кілті – бүгінгі жас ұрпақ қолында. Жас ұрпақтың тағдыры оларға білім мен тәрбие нұрын себуші ұстаздың қолында. Елбасы алдымызға бәсекелестікке қабілетті алдыңғы қатарлы 50 елдің құрамына кіру мақсатын қойды.

Біздің елімізде жастарды азаматтық, патриоттық тәрбиелеу қазіргі уақытта жастар саясаты бағдарламасы шеңберінде жүргізіледі. Патриоттық рухта тәрбиелеу – жастарды ерлікке, Отан сүйгіштікке, ар – намысты қорғауға, адамгершілікке уағыздайды. Осындай халықшылдық идея, елжандылық сезім жастардың жүрегінен терең орын алып, оларды белсенді іс - әрекетке баулиды. Оқушылар тәрбиесі ең алдымен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік нышандарын саяси және рухани жағынан пайымдаудан басталады. Бұл жастарды азаматтық өзіндік сана – сезімге, ұлттық нышандарды ар – намысын, борыш – парызым деп құрметтеуге үйретеді. Мемлекеттік нышандардың көмегімен азаматтарда еліне деген мақтаныш пен патриоттық сезім табандылықпен тәрбиелене түседі.

Қазіргі кезеңде патриотизм тақырыбы, оның ішінде қазақстандық патриотизм мәселесі барлық қоғамдық, мемлекеттік, саяси, мәдени-рухани тақырыптардың өзегіне айналуда. Бүгінгі таңда жеке адамдар арасында да, әлеуметтік топтар арасында да шиеленістері мол, қарқынды дамып жатқан заманда, өзінің кімді жақтайтыныңды, қажеттілік туындай қалса кімді қорғайтыныңды, қай елдің мүддесі үшін еңбек ететініңді, өз әлеуетің мен күшіңді, идеяларыңды қай елдің игілігіне қолданатыныңды білген абзал. Осының бәрінен патриотизм сынды күрделі сезім қалыптасады. Барлық елдер өз азаматтары, әсіресе жастар жағы патриот болғанына, сол елдің жетістіктері және мәдениетін мақтан тұтып, ел байлығын көбейтіп, өзінің және өз балаларының болашағын осы елмен байланыстыруына мүдделі.

Патриоттық тәрбие ең алдымен өз Отанының құндылықтарын танудан басталады. Тәрбие жұмысы барысында өз халқының, ұлтының ұлылығын, олардың тіршілік салтының артықшылық-жетістіктерін, халық саясаты мен жауынгерлер қызметінің прогресшілдігін терең ашып көрсету, жастарды патриоттыққа тәрбиелеуде ұлттық дәстүрлерді, халықтың Отан қорғау ілімін насихаттау, өмірдегі жағымсыз салттарды, шовинизмді, нигилизмді және т.б. келеңсіздіктерді дәлелді сынап отыру қажет.

Біз тәрбие жүйесінде жастарымызды рухани және ұлттық құндылықтарын дұрыс бағалауға осы білімдерді пайдалануға бағытталуы тиіс деп есептейміз. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сөзімен айтқанда, патриоттық тәрбие процесінде «әрбір адам біздің мемлекетімізге, оның бай да даңқты тарихына, оның болашағына қатысты екенін мақтанышпен сезіне алатындай іс-қимыл жүйесін жасауы қажет. Елдің проблемалары да, келешегі де барлық адамға әрі түсінікті болуы тиіс... Әрбір адам бала кезінен Қазақстан - менің Отаным, оның мен үшін жауапты екені сияқты, мен де ол үшін жауаптымын деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей істеген жөн».

**Еліміздің заңдарын, Қазақстан Республикасының
рәміздерін құрметтейтін патриот**

**Шыншыл өз сөзіне адал, өмірде өз орнын таба білетін
патриот**



**Патриот
моделі**


Салауатты өмір салтын ұстанады.

Өз Отанын қорғайды.









«Жас бала – жас бір шыбық, жас күнде қай түрде иіп тастасаң, есейгенде сол иілген күйінде қатып қалмақ»

М.Жұмабаев

Рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты:

Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

«Еліміздің болашақта қандай болатыны балаларымыздың бойына өзіміз қандай тәрбиені сіңіретінімізге тікелей байланысты»


Н.Ә.Назарбаев.

Адамгершілік тәрбиесі жан-жақты тәрбиенің аса маңызды бөлігі болуымен қатар, ол адамгершілік – қоғамдық дамудың жемісі, әрі қоғам өміріндегі өзгерістерге байланысты дамып жетіліп отыратын маңызды құбылыс.

Адамгершілік тәрбиесінің өзекті міндеті - өзі өмір сүріп отырған кезеңдегі қоғамның алдында тұрған мақсат мүддесіне сай адамгершілік қасиеттердің тұтастығын тәрбиелеу.

Адамгершілік тәрбиесі күрделі де қайшылыққа толы процесс. Сондықтан, адамгершілікке баулу дегеніміз – ол адамдардың үлкен бе, кіші ме, әрбір істеген ісін, сөйлеген сөзін, өзгелермен қарым-қатынасын ақылға салып, ар-ұят таразысынан өткізіп, біліммен ұштастырып, ең әділ, ең дұрыс жолын таңдап ала білуі.

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі де жас ұрпаққа - адамгершілік - рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз - өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Рухани - адамгершілік тәрбие - екі жақты процесс. Бір жағынан ол үлкендердің, ата - аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан - тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым қатынастарынан көрінеді.



Көрнекті педагог В. Сухомлинский «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады», — дейді. Демек, шәкіртке жан-жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз.

Ұлттық тәрбие

Мақсаты:

Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау.

Отбасы тәрбиесі

Мақсаты:

Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.


Әрбір отбасы қоғамның кішкентай бір бөлігі болып табылатындықтан, қоғам өркениетілікке жеткізу, ең алдымен, әрбір отбасындағы өмірді ұйымдастырудан басталмақ. Тәрбиенің бастапқы әліппесін бала отбасында алады. Салауатты отбасында ғана салауатты ұрпақ қалыптасады.

Заманымыздың заңғар жазушысы М. Әуезовтің «Ел боламын десен, бесігінді түзе» деген нақыл сөзінің мәні тереңде жатыр. Яғни, болашақ тізгінің ұстары, елінің ертеңі болар, халқының үмітін ақтай білетін дені сау, білімді де саналы жас ұрпақты өсіру талабынан туындап отырады. Осы ұлы мақсаттарға жету жолында кеиелі де қасиетті екі түсінік бар.

Бірі, баланың бастапқы тәрбие мектебі алтын бесік - отбасы болса, екіншісі, алтын ұя - мектеп. Бұл екі ортаның да мақсат мүддесі ортақ. Отбасы, ата-ана адамды дүниеге әкеліп, қалыптастырып, дамытып жетілдірсе, адам бойындағы бар игі қасиет мектеп қабырғасында қаланады. Бұл кеиелі жерде қызмет ететін мұғалім мен ата- анаға жауапкершіліктің үлкен жүгі артылған.


Ұлы Абай атамыз «Адамның адамшылығы- ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» деп көргендікпен ой түйген. Бала өміріне қажетті тәлім-тәрбиенің іргетесы ата-ана арқылы отбасында қаланады.

Дана халқымыз «Ұядан не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» демекші, ата-ананың әрбір іс -әрекеті балаға үлкен сабақ. Әрбір ата-ана өз балаларының тұңғыш тәрбиешілері. Бала- ата –ананың адамгершілік өмірінің айнасы. Адамгершілік қасиет отбасы мүшелерінің бірін – бірі қадірлеуінен, олардың өзара бірлігі мен түсінушілігінен, ата- ана мен балалар арасындағы мейрімді, қарым- қатынастың қатынасуынан, үлкенге құрмет, кішіге ізет секілді толып жатқан жазылмаған заңдылықтар арқылы көрініс табады.



**«Тек ата – аналармен бірге жалпы күш жігерді
біріктіру арқасында мұғалімдер балаларға үлкен
адамдық бақытты беруі мүмкін»**

В.А. Сухомлинский



Мектеп

оқушы

Ата-ана

орта



Ата-ана

балаларды тәрбиелеу ісінде мектеп пен қарым – қатынас, тікелей байланыс жасауды басты міндетіміз деп есептеуі керек


олардың өз балаларын тәрбиелеудегі жетістіктері сынып, мектеп ұжымдарының оқу – тәрбие жұмысының нәтижесіне байланысты болатынын ұмытпауы керек

оқу – тәрбие процесінің мазмұнын, сапасын және тиімділігін жақсарту үшін отбасы мен мектептің ынтымақтасып жұмыс істеу керектігі


ТӘРБИЕ ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСАДЫ?



Отбасы тәрбиесі







Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты:

Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту.

Сыныптағы кезекшілік

Жаз уақытындағы “Жасыл желек” көгалдандыру алаңы

Мектептегі сенбіліктер, мектеп ауласын көгалдандыру

Еңбек тәрбиесі

Мектеп бойынша кезекшілік

Еңбекке баулу үйірмелері “Шебер қолдар”, “Мүсіндеу өнері”, “Маржан қолөнер”

Тәрбие сағаттары

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты:

Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Спорттық үйірмелер

«Тоғызқұмалақ»

«Жас мерген»

«Баскетбол»

«Волейбол»

«Шахмат»

«Теннис»

Бәріміз біріксек, қолымыздан келеді!
Вместе мы сможем многое!



Спорттық
секциялар

Таңғы
жаттығу


Зиянды
әдеттерден
аулақ болу

Дұрыс
тамақтану

Біз салауатты өмір салтын
қолдаймыз!



Спорттық іс-шаралар





Мектепішілік "Екібастұз нұры" газеті тоқсаныны бір рет шығарылады

Қыркүйек - тамыз 2014 жыл № 1 (38) бақылауы
«Мектеп - кеме, білім - теңіз»

Екібастұз нұры

Бақылау бұйымы

Екібастұз жалпы орта білім беретін мектебі
Газеті 2003 жылдан 1 қаңтардан шығарылады.

1 қыркүйек - Білім күні құтты болсын!

Ақпараттық - танымдық газеті
Қыркүйек - тамыз 2014 жыл
Жалпы орта білім беретін мектебі № 1 (38) бақылауы

- «Денсаулық фестивалі - 2014»
- «Мектеп қоғамдық бақылауы» сайлауы
- «Қартай бауырлар» акциясы
- «Ана тілім - бала тілім» акциясы
- Арнайы ақпарат
- Жас мамандар
- Ұстаздарға тілек
- Оқушы психологиясына
- Оқуға таяу!



Қыркүйек - тамыз 2014 жыл № 2 (38) бақылауы
«Мектеп - кеме, білім - теңіз»


Екібастұз нұры

Бақылау бұйымы

Екібастұз жалпы орта білім беретін мектебі
Газеті 2003 жылдан 1 қаңтардан шығарылады.

Ақпараттық - танымдық газеті
Қыркүйек - тамыз 2014 жыл
Жалпы орта білім беретін мектебі № 2 (38) бақылауы

- «Жас Ұлан» бірінші балалар мектептерінің ұйымына арналады
- «Екібастұз» мектебінің құрылғанына 10 жыл толуына арналады
- Келісімі мен Тұрғындар - әлемнің құлағы
- Күрметті ұстаз - әрбір тіріні
- Қаш мектеп, Жас маман!
- «Мәдени мектеп» мектебінің құрылғанына арналады
- «Жас білім» бірінші балалар мектептерінің ұйымына арналады
- Балаларға бағалы
- Құттықтау сөз, шабыттандыру



Қыркүйек - тамыз 2015 жыл № 3 (38) бақылауы
«Мектеп - кеме, білім - теңіз»


Екібастұз нұры

Бақылау бұйымы

Екібастұз жалпы орта білім беретін мектебі
Газеті 2003 жылдан 1 қаңтардан шығарылады.

Ақпараттық - танымдық газеті
Қыркүйек - тамыз 2015 жыл
Жалпы орта білім беретін мектебі № 3 (38) бақылауы

- «Ұлан» мектебінің ұйымына арналады
- Ауылдағы оқушылар отандықтар
- Сәлем, құрметті!
- Ерлігі мен тегіні!
- Алғашқы мектепті!
- Наурыз - жыл басы
- «Жас Қармақ» суреттер сайысы
- Балаларға бағалы
- Құттықтау сөз, шабыттандыру



Қыркүйек - тамыз 2015 жыл № 4 (38) бақылауы
«Мектеп - кеме, білім - теңіз»

Екібастұз нұры


Бақылау бұйымы

Екібастұз жалпы орта білім беретін мектебі
Газеті 2003 жылдан 1 қаңтардан шығарылады.


Ақпараттық - танымдық газеті
Қыркүйек - тамыз 2015 жыл
Жалпы орта білім беретін мектебі № 4 (38) бақылауы

СЫҢҒЫРЛА, СОНҒЫ ҚОҢЫРАУ

- «Ұлан» мектебінің ұйымына арналады
- «Жас Ұлан» бірінші балалар мектептерінің ұйымына арналады
- Қаш мектеп - достық мектебі
- «Жігіт құттықтауы»
- Тұрғын Президент мектебіне арналады
- Ғылым мен білім
- Балаларға бағалы
- Құттықтау сөз, шабыттандыру



Үйлестіру кеңесі



Тәрбие, Жетістік, Нәтиже

Relationships!

